

**«БІЛІМ ЖӘНЕ ЖАҢА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС**



**ТОО «ЦЕНТР ОБРАЗОВАНИЯ И
НОВЫХ ИННОВАЦИОННЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ»**

Бағдарлама жобасын қоғамдық талқылауға арналған сілтеме

[https:// center-nit.kz](https://center-nit.kz)

**Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне, педагог-психологтарына,
логопедтеріне және педагог-ассистенттеріне арналған**

**«Жасанды интеллектті қолдану арқылы инклюзивті білім беру
тиімділігін арттыру»**

**атты біліктілікті арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Сағат саны: 80 ак.сағ.

Алматы 2025

1. Жалпы ережелер

«Жасанды интеллектті қолдану арқылы инклюзивті білім беру тиімділігін арттыру» біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама): мақсаты, міндеттері, оқытудың жоспарланған нәтижелері, курстың құрылымы мен мазмұны, ұйымдастыру ерекшеліктері, курсты оқу - әдістемелік қамтамасыз ету, тыңдаушылардың білімі мен дағдыларын бақылау және бағалау рәсімін айқындайды. Бағдарлама инклюзивті білім беру жағдайында заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану саласындағы педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама сонымен қатар педагогтерде цифрлық білім беру ортасын инклюзиялау, қолжетімділік және қауіпсіздік қағидаттарын сақтауды қоса алғанда, білім беру қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың этикалық, құқықтық және әдістемелік негіздерін түсінуді қалыптастыруға бағытталған.

Осы педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның өзектілігі - қазіргі таңда инклюзивті білім беру әлем бойынша және Қазақстанда да үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл бағытта білім беру процесінде барлық балалардың тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз ету көзделген. Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін(ЕБҚБ) балаларға арналған білім беру жүйесін дамыту үшін заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді қолдану қажеттілігі туындады. Осыған байланысты, жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында тиімді құрал болып табылады. ЖИ балалардың оқу үдерісін жеке тұлғаға бағыттап, оқу материалдарын адаптациялауға, оларды диагностикалауға және даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарлама ЖИ технологияларын инклюзивті білім беруде қолданудың тиімділігін көрсету мақсатында дайындалған. ЖИ-дің инклюзивті білім беру саласындағы қолданылуы білім беру сапасын жақсартуға, ерекше білім беруді қажет ететінбалаларға жеке білім беру траекториясын ұсынуға және оқушылардың дамуындағы өзгерістерді дер кезінде бақылап, түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Курстық жұмыстың ұзақтығы 80 академиялық сағат – 10 күн, оның әрқайсысы күніне 2 сағаттан (8 академиялық сағат) 4 сабақтан тұрады.

Бұл білім беру бағдарламасы келесі талаптарды анықтайды

Педагогтердің құзыретіне:	Инклюзивті білім беру негіздерін білу және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда ЖИ қолдану. Цифрлық технологиялармен, бейімделген материалдармен және әдістермен, жеке білім беру бағдарламаларымен жұмыс істеу дағдылары. Ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас жасау, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық диагностиканы қолдану мүмкіндігі.
Оқыту әдістеріне:	Білім беру процесін бейімдеу және оқытудың жеке траекторияларын құру үшін инновациялық технологиялар мен ЖИ қолдану. Балаларды түзету және дамыту үшін сандық платформаларды, Мобильді қосымшаларды және виртуалды шындықты пайдалану.
Білім беру материалдарына:	Бейімделген мультимедиялық және интерактивті материалдарды әзірлеу және пайдалану. Оқушылардың үлгерімін бақылау және білім беру нәтижелерін бағалау үшін ЖИ қолдану.
Бағалау және мониторинг:	Оқу жетістіктерін диагностикалау және бағалау үшін ЖИ қолдану. Білім беру бағдарламаларының тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізу және жеке траекторияларды түзету
Ұйымдастыру мәселелері:	Білім беру процесіне технологияларды енгізуді қамтамасыз ету және педагогтердің басқа мамандармен жұмысын үйлестіру.

Мемлекеттік және әлемдік трендтермен байланыс.

Инклюзивті білім беруде жасанды интеллектті қолдану саласындағы мемлекеттік саясат:	Қазақстанда білім беру технологияларын цифрландыру, оның ішінде білім беру процесіне жасанды интеллект (ЖИ) енгізу бағыты белсенді түрде қолдауда. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға білім беру мен дамудың тең жағдайларын қамтамасыз ету үшін қол жетімді және тиімді құралдарды құру басым міндеттердің бірі болып табылады. Курс бағдарламасы мұғалімдерге диагностика, оқу материалдарын бейімдеу және жеке білім беру траекторияларын құру үшін цифрлық ресурстарды қолдануға көмектесу арқылы ерекше қажеттіліктері бар
---	--

	балалармен жұмыс істеуге жасанды интеллектті біріктіруге ықпал етеді.
Инклюзивті білім беруде ЖИ қолдану саласындағы әлемдік трендтер	Әлемдік деңгейде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім беру бағдарламаларын диагностикалау, түзету және бейімдеуді қоса алғанда, инклюзивті білім беру міндеттерін шешу үшін ЖИ технологиялары белсенді дамып келеді. АҚШ, Ұлыбритания, Финляндия сияқты елдерде ЖИ технологиялары жекелендірілген оқу жоспарларын құру, оқушылардың үлгерімін талдау және есту, көру, сөйлеу, моторика және интеллект бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеу процесінде тәрбиешілерді қолдау үшін кеңінен қолданылады. ЖИ қолдану білім беру процестерін оңтайландыруға және инклюзия тиімділігін арттыруға көмектесетін Машиналық оқыту, нейрондық желілер және адаптивті платформалар сияқты инновациялық тәсілдерді де қамтитынын ескеру маңызды.
Инклюзивті оқытуда ЖИ және заманауи технологияларды қолдану:	Виртуалды және кеңейтілген шындық сияқты заманауи технологиялар инклюзивті білім беру ортасын құруда шешуші рөл атқарады. Жасанды интеллект бейімделген оқу материалдарын жасауға, білімді сынауға және бағалауға, сондай-ақ әртүрлі даму кемістігі бар балаларға арналған жекелендірілген білім беру траекторияларын әзірлеуге көмектеседі. ЖИ сонымен қатар деректерді талдауда және оқушылардың жетістіктерін бақылауда қолданылады, бұл тиімді инклюзия мен әлеуметтік бейімделу үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Курс аясында мұғалім инклюзивті орта құра алатындай етіп ЖИ-ді білім беру мақсатында қалай қолдануға болатындығына назар аударылады, мұнда әр оқушы өзінің ерекшеліктеріне қарамастан өз деңгейінде дамуға және оқуға мүмкіндік алады.
Қолданудағы және инклюзивті білім берудегі халықаралық стандарттар:	Халықаралық тәжірибеде ЖИ-ді білім беруге енгізу БҰҰ-ның мүгедектер құқықтары жөніндегі халықаралық конвенциясы және ЮНЕСКО-ның инклюзивті оқыту жөніндегі ұсыныстары сияқты бірқатар стандарттар мен

	ұсыныстармен реттеледі. Бұл халықаралық бастамалар сапалы білімге тең қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін технологияны қолдану қажеттілігін көрсетеді. Курстың бағдарламасы осы стандарттарды сақтауға бағытталған, мұғалімдерге озық технологиялар мен ЖИ қолдана отырып, инклюзивті білім беру принциптерін үйретеді, бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және ерекше білім беруді қажет ететінбалаларға білім беру сапасын жақсартады.
--	--

2. Глоссарий

Адаптивті оқыту платформалары — жасанды интеллект (ЖИ) және деректерді талдау технологияларын пайдалана отырып, оқыту процесін жекелендіруге арналған цифрлық білім беру жүйелері, бұл платформалар оқу материалдарының мазмұнын, қарқынын және оқыту әдістерін білім алушылардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін(ЕБҚ) оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес бейімдейді.

Оқу материалдарын бейімдеу — білім алушылардың, әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың, жеке білім алу қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарының мазмұнын, формасын және ұсыну тәсілдерін өзгерту процесі, бұл олардың білім беру бағдарламасын сәтті меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған.

Даму бұзылыстарын диагностикалау — баланың психофизикалық дамуының жағдайы мен ерекшеліктерін кешенді бағалау (танымдық, сөйлеу, қозғалыс және эмоциялық-ерік салаларын қоса алғанда), бұл ауытқуларды анықтау, даму деңгейін анықтау және арнайы білім беру қолдау қажеттілігін негіздеу мақсатында жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім беру — барлық білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету процесі, бұл термин Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында бекітілген.

Білім алуға арналған арнайы жағдайлар — ерекше білім беруді қажет ететінбалалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті арнайы оқу және жеке дамытушы бағдарламаларды, оқыту әдістерін, техникалық, оқу және басқа да құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтерді қамтитын жағдайлар, бұл анықтама Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында көрсетілген.

Ерекше білім беруді қажет ететінбалаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдауы — білім беру, халықты

әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының арнайы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін ұсыну қызметі. Бұл қызметтер ерекше білім беруді қажет ететін балаларға өмір сүру шектеулерін жеңуге және өтеуге жағдай жасап, оларды қоғам өміріне басқа азаматтармен тең дәрежеде қатысу мүмкіндіктерімен қамтамасыз етуге бағытталған.

Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар (балалар) — тиісті деңгейдегі және қосымша білім алуда арнайы жағдайларды қажет ететін тұрақты немесе уақытша қажеттіліктері бар тұлғалар (балалар).

Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) — туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулар немесе жарақаттардың салдарынан өмір сүру әрекетінің шектелуіне әкелетін физикалық және (немесе) психикалық кемістіктері бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

Педагогикалық диагностика — баланың даму деңгейін анықтау, оның күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ арнайы білім беру қолдауына қажеттіліктерін айқындау процесі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау — білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын, білім алушылардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың, табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауды қамтамасыз ететін жүйелі ұйымдастырылған қызмет.

Инновациялық технологияларды интеграциялау — білім беру қызметіне заманауи цифрлық және интеллектуалды шешімдерді (жасанды интеллект технологиялары, бейімделген оқыту, деректерді талдау және т.б.) енгізу процесі, бұл оқытудың сапасын арттыруға, жекелендіруге және қолжетімділігін қамтамасыз етуге, әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін бағытталған.

Жеке білім беру бағдарламасы (ЖББ) — баланың, әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың, даму ерекшеліктері, қабілеттері және білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленетін білім беру маршруты.

Оқытуды жекелендіру — білім алушының жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, дайындық деңгейін, оқу материалын меңгеру қарқынын және психофизикалық дамуын ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру.

Жасанды интеллект (ЖИ) — адам интеллектісін талап ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті жүйелерді әзірлеуге бағытталған технологиялар саласы. Мұндай тапсырмаларға үлгілерді тану, табиғи тілді өңдеу және шешім қабылдау жатады. ЖИ инклюзивті білім беруде қолданылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері — сапалы білім алуға қажетті көмек пен қызметтерге деген қажеттілік.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау — білім алуға қажетті арнайы жағдайларды анықтау процесі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жанашылдығы

Жасанды интеллектті (ЖИ) қолдану- бағдарламада алғаш рет жасанды интеллекттің инклюзивті білім беру жүйесіне енгізілуі қарастырылады. Жасанды интеллект балалардың оқу жетістіктерін нақты уақыт режимінде бақылап, деректерді талдау арқылы жеке білім беру траекторияларын жасауға мүмкіндік береді. Бұл ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқу процесін персонализациялауға және олардың оқу нәтижелерін тиімді бағалауға мүмкіндік береді.

Пәнаралық тәсіл- бағдарлама мұғалімдер мен дефектологтарға ЖИ-ды тек оқу процесінде ғана емес, сонымен қатар психологиялық және педагогикалық диагностикада, балалардың даму деңгейін бағалауда, бағдарламалар құруда да қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, педагогтардың білім беру әдіснамаларын түрлі сала мамандарымен бірігіп жұмыс істеуге ынталандырады.

Жеке оқу бағдарламалары (ЖОБ)- бағдарлама ЖИ-ды пайдаланарак жеке оқу траекторияларын құруды қарастырады. Оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне, даму деңгейіне және оқу қажеттіліктеріне негізделген ЖОБ жасауды автоматтандырады. Бұл әдіс оқушылардың жеке қабілеттерін ескеріп, олардың толық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Адаптивті және интерактивті оқыту құралдары- бағдарламада ЖИ технологиялары негізінде дамытылған арнайы адаптивті оқу платформалары мен интерактивті құралдарды пайдалану қарастырылған. Бұл платформалар ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған оқу процесін жеңілдетіп, олардың оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Этикалық аспектілерді ескеру- бағдарламада жасанды интеллектті қолданудың этикалық жағы да назарға алынған. Оқушылардың деректерін қорғау, ЖИ құралдарын пайдалану кезінде әділдік, теңдік және қауіпсіздік принциптері сақталуы қажет. Бұл аспектінің енгізілуі бағдарламаны тек білім беру жүйесіне ғана емес, әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан да жаңаша көзқарасқа негіздейді.

Әлемдік тәжірибені ескеру- бағдарлама әлемдік деңгейде жасанды интеллектті инклюзивті білім беруге енгізу тәжірибелерін ескеріп, Қазақстанның білім беру жүйесіне сәйкес үйлесімді жаңа әдістерді ұсынады. Сонымен қатар, ол халықаралық стандарттарға сай білім беру сапасын арттыруды мақсат етеді.

Бағдарламаның аналогтарына талдау

Бағдарламаның Қазақстанда аналогтары бар, алайда, біздің бағдарламаның бірқатар артықшылықтары бар:

Заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні (ЖИ) интеграциялау – типтік бағдарламалардан айырмашылығы, біздің курста ЖИ технологияларын ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) білім алушылардың оқуын жекелеңдіру, диагностика жүргізу, педагогикалық сүйемелдеу және оқыту барысындағы прогресті мониторингілеу мақсатында қолдану мазмұндық түрде енгізілген.

Практикалық бағыттылығы – бағдарлама нақты кейстерді, интерактивті тапсырмаларды, жеке білім беру бағдарламаларының (ЖББ) үлгілерін,

мониторинг құралдарын және инклюзивті ортаға бейімделген цифрлық шешімдердің мысалдарын қамтиды.

Пәнаралық (мультидисциплинарлық) тәсіл – оқыту әртүрлі профильдегі мамандардың (педагогтар, дефектологтар, логопедтер, психологтар, IT-мамандар) өзара әрекеттестігіне негізделіп құрылған. Бұл инклюзивті білім беру процесіне кешенді және шынайы көзқарасты қамтамасыз етеді.

Білім беруді цифрлық трансформациялауға бағытталуы – бағдарлама педагогтердің цифрлық құзыреттерін және инклюзивті білім беру саласында ЖИ технологияларымен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Икемді модульдік құрылым – бағдарлама күндізгі және қашықтықтан оқыту форматтарына бейімделген, әрі модульдік құрылымы мақсатты аудиторияларға оңай бейімдеуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама 5 модульден тұрады

Модуль1. Нормативті- құқықтық аспектілер және инклюзивті білім беру саласындағы жасанды интеллекттің рөлі	1.1 Инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік актілер
	1.2 Білім берудегі инклюзияны қамтамасыз етудегі жасанды интеллекттің рөлі
	1.2 Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру интеграциясының заманауи тәсілдері
Модуль 2. Психолого- педагогикалық аспектілер және ЖИ қолдану	2.1 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу
	2.2 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың психологиялық және білім беру қажеттіліктерін диагностикалау үшін ЖИ қолдану.
	2.3 Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тиімді даму және түзету бағдарламаларын құру үшін ЖИ қолдану.
Модуль 3. Инновациялық ЖИ технологиялары мен инклюзивті білім беру	3.1 Жасанды интеллектке кіріспе және оның инклюзивті білім берудегі рөлі.
	3.2 Жасанды интеллектті дамыту және даму бұзылыстарын диагностикалау мен түзетуге қолдану.
	3.3 ЖИ негізінде құрылатын адаптивті оқыту платформаларын қолдану арқылы жеке оқытуды жүзеге асыру.
	3.4 Оқу жетістіктерін бақылау және бағалау үшін ЖИ қолдану..
	3.5 ЖИ көмегімен оқу материалдарын бейімдеу.
	3.6 Инновациялық технологияларды дәстүрлі

	әдістермен біріктіру
	3.7 Педагогтар, психологтар және мамандар арасындағы арасалмақты жұмыс үшін ЖИ қолдану.
	3.8 Инклюзивті білім беруде ЖИ қолданудың этикалық аспектілері.
	3.9 ЖИ көмегімен есту және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған қолжетімді оқу материалдарын жасау.
	3.10 Аутистикалық спектрдегі балаларды оқытуда ЖИ интеграциясы
Модуль 4. ЖИ негізіндегі жеке білім беру бағдарламаларын (ЖОБ) әзірлеу	4.1 Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жеке оқу бағдарламаларын (ЖОБ) әзірлеудің негіздері.
	4.2 ЖОБ-ды жеке қажеттіліктерге бейімдеу үшін ЖИ қолдану.
	4.3 Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу қажеттіліктерін талдауда ЖИ қолдану.
	4.4 ЖОБ-ды ЖИ көмегімен жүзеге асыру: мысалдар мен практикалық ұсыныстар.
	4.5 ЖОБ-ның тиімділігін бақылау және бағалау үшін ЖИ қолдану.
Модуль 5. Қорытынды тестілеу және игерілген құзыреттерді бағалау	5.1 Теориялық бөлім
	5.2 Практикалық бөлім

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Білім беру бағдарламасының мақсаты – педагогтер мен мамандардың жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын инклюзивті білім беруде тиімді қолдануға қажетті кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Бағдарлама балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу үдерісін бейімдеу, жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу және инклюзивті білім беру ортасын құруға мүмкіндік беретін ЖИ құралдарын қолдануды үйретеді.

Бағдарламаның міндеттері

1. Инклюзивті білім беру саласындағы ЖИ-дің рөлі мен мүмкіндіктері туралы білім беру: Оқу процесінде ЖИ қолданудың теориялық негіздерін түсіндіру және оны инклюзивті білім беру жүйесіне интеграциялау.

2. Жеке оқу бағдарламаларын (ЖОБ) әзірлеу әдістерін үйрету- ЖИ технологияларын қолдана отырып, балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, жеке оқу бағдарламаларын жасау дағдыларын дамыту.

3. Диагностика және мониторинг үдерістерін ЖИ арқылы жүзеге асыру- ЖИ құралдарын қолдана отырып, балалардың дамуындағы ерекшеліктерді диагностикалау, оқу прогресін бақылау және бағалау әдістерін меңгерту.

4. Педагогтердің және мамандардың ЖИ технологияларын қолдану дағдыларын дамыту- Инклюзивті білім беруде ЖИ-ді қолдану бойынша тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру, мұғалімдер мен мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

5. Этикалық мәселелерді қарастыру- ЖИ технологияларын қолданудағы этикалық аспектілерді зерттеу және педагогикалық практикаларда олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1. Педагогтардың ЖИ технологияларын инклюзивті білім беруде қолдана алу дағдыларының дамуы- оқыту барысында қатысушылар ЖИ-дің мүмкіндіктері мен қолдану жолдарын түсініп, оларды өз практикаларында тиімді пайдалану дағдыларын меңгеретін болады.

2. Жеке оқу бағдарламаларын (ЖОБ) құру бойынша тәжірибе жинақтау: Бағдарламаның нәтижесінде қатысушылар ЖИ көмегімен балалардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес жеке оқу бағдарламаларын әзірлей алады.

3. Оқу процесін мониторингтеу және бағалауды ЖИ арқылы жүзеге асыру: ЖИ технологияларын пайдаланып, балалардың білімін және даму динамикасын бақылау, тиімді бағалау әдістерін қолдану мүмкіндігіне ие болады.

4. Инклюзивті білім беру жүйесінде мамандар арасында тиімді ынтымақтастық орнату: ЖИ құралдары мен әдістері арқылы педагогтар, психологтар және дефектологтар арасындағы өзара әрекеттестікті күшейтіп, балалармен жұмыс істеуде тиімді шешімдер қабылдай алады.

5. Этикалық тұрғыдан дұрыс шешімдер қабылдау дағдыларының қалыптасуы: ЖИ қолдану кезіндегі этикалық мәселелерді түсініп, оқу процесінде олардың дұрыс шешімдерін қабылдай алатын мамандарды дайындау.

6. Қатысушылардың инклюзивті білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялармен танысып, өз іс-тәжірибесінде қолдануға дайын болуы.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1: Нормативті-құқықтық аспектілер және инклюзивті білім беруде ЖИ қолдану

Мақсаты: Инклюзивті білім берудегі заңдық негіздерді, ЖИ қолдану саласындағы ұлттық және халықаралық нормативтік құжаттармен таныстыру.
--

Міндеттері: Инклюзивті білім берудің	Күтілетін нәтижелер: Қатысушылар ЖИ мен инклюзивті
--	--

заңнамалық негіздерін зерттеу. ЖИ технологияларының білім беру саласындағы рөлін түсіну. Инклюзивті білім беруді дамытудағы нормативтік-құқықтық құжаттармен танысу.	білім берудің заңды негіздерін игереді. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін түсінеді. Ұлттық және халықаралық деңгейде ЖИ-ді қолданудың құқықтық ережелерін біледі.
--	---

1.1 Инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік актілер

Инклюзивті білім беру — бұл барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың (ЕБҚБ) білім алуына мүмкіндік беретін оқу жүйесі. Инклюзияның негізгі мақсаты — әрбір баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес оқу процесіне қатысуын қамтамасыз ету.

Қазақстандағы инклюзивті білім беруді реттейтін бірнеше нормативтік-құқықтық құжаттар мен заңдар бар. Олардың ішінде:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2007): Бұл заңда білім беру жүйесіндегі негізгі бағыттар мен міндеттер белгіленген. Заңда инклюзивті білім беруді дамытуға ерекше назар аударылған. Заңның мақсаты — барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының "Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңы: Бұл заң ерекше білім беруді қажет ететін балалардың құқықтарын қорғауды көздейді. Ол балаларды ерте диагностикадан өткізу, мамандандырылған оқыту, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету сияқты мәселелерді қамтиды.

Ұлттық білім беру стандарты: Білім беру жүйесінде инклюзияны қамтамасыз ету үшін арнайы білім беру бағдарламалары мен оқу әдістемелерін жасауға арналған мемлекеттік стандарттар да бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде білім алу құқығы ерекше айтылады. Әр балаға сапалы білім алуға мүмкіндік беру міндеті бар.

Қазақстан Республикасының "Инклюзивті білім беру жүйесінің концепциясы": Бұл концепцияда инклюзивті білім беру бойынша негізгі тұжырымдамалар мен бағыттар анықталған. Оның басты мақсаты - барлық балалардың тең білім алуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін балаларға ерекше жағдай жасау.

1.2 Білім берудегі инклюзияны қамтамасыз етудегі жасанды интеллекттің рөлі

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беруде, оның ішінде инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету саласында маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллект оқу процесін жетілдіруге және инклюзивті білім беруді тиімді етуге көмектесетін бірқатар құралдарды ұсынады.

Жеке оқыту тәсілдері: ЖИ оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу үшін қолданыла алады. Мысалы, белгілі бір

білім беру материалына әртүрлі балалардың назарын аудару үшін ЖИ адаптивті жүйелерді қолданады, олар әр баланың оқу қарқыны мен стиліне бейімделеді.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және мониторинг: ЖИ жүйелері оқушылардың білім деңгейін автоматты түрде бағалай алады, бұл мұғалімдерге оқушылардың оқу жетістіктерін бақылап, уақытында түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Дербес көмекшілер мен ассистивті технологиялар: ЖИ негізіндегі көмекші технологиялар (мысалы, дауыспен оқыту, экранды оқу құралдары, мәтіндерді дауыстап оқу) ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға тиімді оқыту мен қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Оқу процестерін басқару және талдау: ЖИ жүйелері оқу процестерін автоматты түрде басқаруға, оқушылардың білім алуындағы қиындықтарды анықтауға және оларды жою үшін педагогтарға ұсыныстар беруге мүмкіндік береді. Бұл инклюзивті білім беру үдерісінде маңызды роль атқарады, себебі мұғалімдерге әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін тиімді бағалауға мүмкіндік береді.

Тілдік кедергілерді жою: ЖИ жүйелері тілдік кедергілерді жеңуге де көмектеседі. Мысалы, тілдік қолдау көрсету жүйелері, автоматты аударма және сөздерді оқу құралдары ерекше білім беруді қажет ететін балаларға оқу материалдарын түсінуді жеңілдетеді.

Модуль 2: Психолого-педагогикалық аспектілер және ЖИ қолдану

Мақсаты- балалармен жұмыс істейтін мамандарға ЖИ құралдарын қолдану арқылы психологиялық және педагогикалық мәселелерді шешуге көмектесу.	
Міндеттері: ЖИ психодиагностикасы мен білім беру процесін жеке тұлғалық тұрғыдан реттеу жолдарын үйрену. ЖИ-дің балалардың дамуы мен оқу үлгерімін бағалауда қолдану әдістерін меңгеру. Педагогикалық және психологиялық аспектілерді үйлестіре отырып, оқушыларға тиімді қолдау көрсету.	Күтілетін нәтижелер: Қатысушылар ЖИ-ді психодиагностикада тиімді пайдалану дағдыларын меңгереді. Балалармен жұмыс істегенде психологиялық аспектілерді ескере отырып, жеке оқу жоспарларын жасауға қабілетті болады. ЖИ арқылы балалардың оқу прогресін бақылауды үйренеді.

2.1 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері әр түрлі болуы мүмкін, себебі олар түрлі даму ақауларымен немесе арнайы білім беру қажеттіліктерімен байланысты. Мұндай оқушылар үшін арнайы білім беру бағдарламалары мен түзету жұмыстары қажет.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері:

Когнитивті ерекшеліктер: Бұл оқушылардың ақпаратты өңдеудегі қабілеттері әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір оқушылар жылдам әрі терең түсінсе, басқалары үшін оқу материалын қабылдау қиынырақ болуы мүмкін. Психологиялық тұрғыдан олар әртүрлі қабылдау, есте сақтау және ойлау деңгейлерімен сипатталады.

Эмоционалды және әлеуметтік ерекшеліктер: Ерекше қажеттіліктері бар балалар көбінесе өз эмоцияларымен күресуде қиындықтарға тап болады. Олар әлеуметтену мәселелерімен де бетпе-бет келуі мүмкін, өйткені олардың байланыс орнату және өз сезімдерін басқару қабілеттері басқа балалардан өзгеше болуы мүмкін. Кейде олар әлеуметтік жағдайларда қорқыныш немесе алаңдаушылық сезімдерін жиі білдіреді.

Мотивациялық ерекшеліктер: Бұл оқушылардың білім алу мотивациясы да өзгеше болуы мүмкін. Кейбір балалар үшін оқу үдерісі қызықты әрі мағыналы болуы мүмкін, бірақ басқа балалар үшін ол қиын және қорқынышты болуы мүмкін.

Жеке даму ерекшеліктері: Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму деңгейі әртүрлі болады. Олар өздерінің жасына сәйкес емес, психикалық немесе физикалық даму жағынан кейін қалып қойған болуы мүмкін, бұл олардың оқу мен әлеуметтік жағдайлардағы қатысуын қиындатады.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, психологиялық және педагогикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыруға болады. Бұл балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру, олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген әдістер мен тәсілдерді қолдануды қажет етеді.

2.2 Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың психологиялық және білім беру қажеттіліктерін диагностикалау үшін ЖИ қолдану

Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың психологиялық және білім беру қажеттіліктерін диагностикалауға көмектесетін бірқатар құралдарды ұсынады.

Автоматтандырылған диагностика: ЖИ жүйелері оқушылардың психологиялық жағдайын, эмоционалдық және әлеуметтік қажеттіліктерін диагностикалауға арналған арнайы тесттер мен бағдарламаларды қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, нейрондық желілер арқылы эмоцияларды тану, сұхбат негізінде баланың әлеуметтік мәселелерін анықтау немесе бейнемазмұн арқылы балалардың психологиялық жағдайын бағалау.

Үнемі мониторинг жүргізу: ЖИ негізіндегі жүйелер оқушылардың оқу процесінде әртүрлі қиындықтарды бақылауға мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері, психологиялық жағдай, мотивация деңгейі мен басқа да критерийлер ЖИ арқылы нақты уақыт режимінде бақыланып, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген білім беру жоспары жасалады.

Тілдік және когнитивті дағдыларды бағалау: Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тілдік дағдылары, оқуға деген ынта-ықыласы мен когнитивті қабілеттері ЖИ арқылы бағалануы мүмкін. Бұл әдіс баланың даму деңгейін анықтауға және оған сәйкес жеке түзету бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді.

Қателерді талдау және түзету: ЖИ жүйелері оқушылардың тапсырмалар орындау кезіндегі қателерін талдап, оның себептерін анықтай алады. Бұл оқушының психологиялық және білім беру қажеттіліктерін түсіну үшін маңызды. Мысалы, егер бала тапсырманы дұрыс орындамаса, ЖИ оны не себепті қиындыққа тап болғанын түсініп, әрі қарай қандай көмек көрсету керектігін ұсынуға көмектеседі.

Жасанды интеллектті қолдану арқылы диагностика барысында оқушылардың білім алу деңгейлері мен психологиялық қажеттіліктерін нақты әрі терең талдау мүмкіндігі артады. Бұл тәсіл мұғалімдерге арнайы түзету және білім беру стратегияларын жасауға көмектеседі.

2.3 Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тиімді даму және түзету бағдарламаларын құру үшін ЖИ қолдану

Жасанды интеллекттің көмегімен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуын түзету бағдарламаларын жасауға болады. ЖИ технологиялары оқушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін келесі әдістерді ұсынады:

Адаптивті оқу жүйелері: ЖИ оқушылардың білім деңгейі мен қажеттіліктеріне негізделген оқыту бағдарламаларын автоматты түрде бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама оқушының жылдамдығы мен қызығушылығына сәйкес өзгеріп отырады, сонымен қатар оның әртүрлі дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы, ЖИ әрбір бала үшін жеке оқу жоспарын жасап, материалды жеңілдетіп немесе күрделендіріп, оқушының даму деңгейіне бейімдей алады.

Когнитивті және эмоционалды дамыту: Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін арнайы когнитивті және эмоционалды дағдыларды дамыту бағдарламалары жасалады. ЖИ оларды автоматты түрде бақылап, әр баланың қажеттіліктерін ескере отырып түзету шараларын ұсынады. Мысалы, ЖИ жүйелері әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған жаттығуларды ұсынуы мүмкін.

Виртуалды және интерактивті платформалар: Жасанды интеллект виртуалды және интерактивті білім беру платформаларын құруға мүмкіндік береді. Бұл платформалар оқушыларға өз қабілеттерін дамытуға, өзекті материалды игеруге, сондай-ақ түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Әсіресе, тілдік, әлеуметтік және когнитивтік дағдыларды дамыту үшін интерактивті тапсырмалар мен ойындар қолданылады.

Аналитикалық құралдар мен болжам жасау: ЖИ жүйелері балалардың оқу жетістіктерін талдай отырып, олардың дамуын болжай алады. Мысалы, жүйе әр баланың оқу барысында қандай да бір қиындықтарға тап болатынын алдын ала болжай алады, және бұл мәліметтер негізінде түзету бағдарламаларын дайындауға болады.

Қосымша көмекші құралдар: ЖИ негізіндегі көмекші құралдар балаларға өздерінің жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу материалдарын жеңілдетуге немесе түрлендіруге көмектеседі. Мысалы, мәтіндерді дауыстап оқу, бейнемазмұн арқылы түсіндіру, әртүрлі мультимедиялық құралдарды пайдалану мүмкіндігі ұсынылады.

Модуль 3: Инновациялық технологиялар мен ЖИ-дің инклюзивті білім берудегі рөлі

Мақсаты- Инновациялық ЖИ технологияларын инклюзивті білім беру жүйесінде қолдану жолдарын үйрету.	
Міндеттері: ЖИ технологияларын диагностика мен түзету жұмыстарында қолдану. Адаптивті оқу платформалары мен ЖИ жүйелерінің мүмкіндіктерін зерттеу. ЖИ арқылы оқушылардың оқу деңгейін бақылау және бағалау әдістерін меңгеру.	Күтілетін нәтижелер: Қатысушылар ЖИ технологияларының оқыту процесін оңтайландырудағы тиімділігін түсінеді. Оқушылардың оқу нәтижелерін мониторинг жасауға арналған құралдарды қолдана біледі. ЖИ арқылы оқушылардың ерекше қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын дайындай алады.

3.1 Жасанды интеллектке кіріспе және оның инклюзивті білім берудегі рөлі

Жасанды интеллект (ЖИ) – адамның ойлау процесін, білімді өңдеу және шешім қабылдау қабілеттерін имитациялайтын компьютерлік жүйелердің жиынтығы. ЖИ жүйелері үлкен мәліметтерді өңдеп, адамзаттың интуитивті және когнитивті қабілеттерін модельдеуге қабілетті. Инклюзивті білім беру контекстінде ЖИ технологиялары ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолайлы оқу ортасын қалыптастыруға, білім беру процесін жеке бағытта бейімдеуге және оқытудың тиімділігін арттыруға көмектеседі. ЖИ арнайы білім беру әдістерін автоматтандыруға, оқушылардың дамуын мониторингтеуге және түзету шараларын дер кезінде қолдануға мүмкіндік береді.

3.2 Жасанды интеллектті дамыту және даму бұзылыстарын диагностикалау мен түзетуге қолдану

ЖИ жүйелері балалардың даму бұзылыстарын диагностикалауға және түзету шараларын дайындауға қолданылатын күшті құрал бола алады. Мысалы:

Даму бұзылыстарын ерте диагностикалау- ЖИ жүйелері балалардың когнитивті және эмоционалдық жағдайларын талдай отырып, аутизм, дислексия, тілдік бұзылыстар сияқты даму бұзылыстарын ерте кезеңде анықтауға көмектеседі. Бұл балаларға уақытында көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Жеке түзету бағдарламаларын құру- ЖИ балалардың жеке даму деңгейлерін анықтап, әрқайсысына сәйкес түзету бағдарламасын автоматты түрде жасайды. Мұндай бағдарламалар әр балаға оңтайлы тәсілдермен және құралдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3.3 ЖИ негізінде құрылатын адаптивті оқыту платформаларын қолдану арқылы жеке оқытуды жүзеге асыру

Адаптивті оқыту платформалары – бұл балалардың оқыту барысындағы қажеттіліктері мен даму деңгейіне сәйкес оқу процесін

бейімдеуге мүмкіндік беретін ЖИ негізінде жасалған құралдар. Мұндай платформалар:

Жеке оқу траекториясы- ЖИ арқылы оқушының жеке қабілеттері мен білім деңгейіне сәйкес оқу материалдарын тандайды. Бұл оқыту үдерісін жекелендіріп, әр баланың оқу жылдамдығын ескереді.

Автоматтандырылған кері байланыс- адаптивті платформалар оқушының әрбір әрекетін бағалап, кері байланыс беру арқылы олардың оқу жетістіктерін жақсартады. Бұл оқушыларға өз нәтижелерін талдауға, қателіктерін анықтауға және түзету жұмыстарын жүргізуге көмектеседі.

3.4 Оқу жетістіктерін бақылау және бағалау үшін ЖИ қолдану

Жасанды интеллектті қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу және бағалау үдерісін оңайлатады. ЖИ келесі аспектілерде көмектеседі:

Автоматтандырылған тестілеу және бағалау- ЖИ жүйелері оқушылардың тапсырмаларын автоматты түрде бағалап, олардың білім деңгейін анықтай алады. Бұл жүйе оқушының білімін үздіксіз бақылап, оның жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жеке оқу қажеттіліктерін анықтау- ЖИ оқу процесінде оқушының түсінбеушіліктерін, қателіктерін және оны түзету үшін қандай әдістердің тиімді болатынын анықтап, жеке ұсыныстар береді.

3.5 ЖИ көмегімен оқу материалдарын бейімдеу

Жасанды интеллект оқу материалдарын балалардың жеке қажеттіліктеріне және даму деңгейіне сәйкес бейімдеуге көмектеседі. Мысалы:

Мәтіндерді жеңілдету- ЖИ оқушының оқу деңгейіне байланысты мәтіндерді жеңілдетіп, оны түсінікті етеді. Мысалы, мәтіндегі күрделі сөздер мен құрылымдар қарапайым тілмен ауыстырылады.

Көптеген білім беру құралдарын пайдалану- ЖИ оқу материалдарын бейнемазмұн, анимация, интерактивті тапсырмалар арқылы бейімдеп, оқушылардың көру және есту қабілеттерін ескере отырып, олар үшін қолжетімді етеді.

3.6 Инновациялық технологияларды дәстүрлі әдістермен біріктіру

Инклюзивті білім беру тарында ЖИ мен дәстүрлі оқыту әдістерін біріктіру арқылы оқыту процесін тиімді етуге болады. Бұл келесі әдістерді қамтиды:

Интерактивті технологиялар мен дәстүрлі әдістерді ұштастыру: Жиі қолданылатын дәстүрлі әдістермен (лекциялар, түсіндіру, жеке жұмыс) ЖИ технологияларын біріктіру арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға және оқу үдерісін қызықты етіп жасауға болады.

Дәстүрлі және инновациялық әдістердің синергиясы- мұғалімдер дәстүрлі әдістерді (ауызша түсіндіру, талқылау) пайдалана отырып, ЖИ жүйелерінің көмегімен жеке оқу жоспарын жүзеге асырады, осылайша әр оқушының өз қабілеттеріне сәйкес жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3.7 Педагогтар, психологтар және мамандар арасындағы арасалмақты жұмыс үшін ЖИ қолдану

Жасанды интеллект педагогтардың, психологтардың және мамандардың жұмысын тиімді үйлестіруге көмектеседі. ЖИ:

Мәліметтерді жинау және талдау- ЖИ жүйелері оқушылардың оқу нәтижелерін, психологиялық жағдайларын және даму деңгейлерін талдап, педагогтарға, психологтарға және басқа мамандарға оқушыларға көмек көрсету үшін қажетті деректерді ұсынады.

Координация және үйлестіру- ЖИ оқушылар туралы ақпаратты бір орталыққа жинақтай отырып, мұғалімдер мен мамандардың арасындағы байланыс пен үйлестіруді оңтайландырады.

3.8 Инклюзивті білім беруде ЖИ қолданудың этикалық аспектілері
Инклюзивті білім беруде ЖИ қолдану этикалық мәселелерді көтереді. Бұл аспектілерге назар аудару маңызды:

Құпиялылық және деректер қауіпсіздігі- ЖИ жүйелері оқушылардың жеке деректерін жинақтайды, бұл ақпараттың құпиялылығын сақтау өте маңызды. Әрбір оқушының деректері заңды негізде ғана пайдаланылуы керек.

Әділдік және теңдік- ЖИ жүйелері әр оқушыға тең мүмкіндіктер ұсынуы керек. Оқушыларға дұрыс және тең бағалау жасау үшін әділ алгоритмдер мен жүйелер қолданылуы қажет.

3.9 ЖИ көмегімен есту және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған қолжетімді оқу материалдарын жасау

Есту және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған оқу материалдарын бейімдеу үшін ЖИ әртүрлі тәсілдерді ұсынады:

Түсіндіру және аударма- ЖИ арқылы аудио мазмұнды мәтінге немесе мәтіндік мазмұнды дауыстап оқуға түрлендіруге болады. Бұл құралдар көру немесе есту қабілеті бұзылған балалар үшін материалдарды қолжетімді етеді.

Интерактивті бейнемазмұн- ЖИ визуалды немесе бейнемазмұнды қамтамасыз ете алады, бұл көру қабілеті бұзылған балаларға оқу материалдарын қабылдауды жеңілдетеді.

3.10 Аутистикалық спектрдегі балаларды оқытуда ЖИ интеграциясы

Аутистикалық спектрдегі балалар үшін ЖИ құралдары:

Әлеуметтік дағдыларды дамыту- ЖИ негізіндегі құралдар аутистикалық балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған арнайы жаттығулар ұсынады. Мұндай құралдар балаларға нақты жағдайларды жаттықтырып, эмоцияларды тану дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Жеке оқу бағдарламалары- ЖИ балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олар үшін арнайы түзету және оқыту бағдарламаларын әзірлеуге көмектеседі, бұл олардың оқу үдерісін оңтайландырады.

Модуль 4: Жеке оқу бағдарламаларын (ЖОБ) құруда ЖИ қолдану.

Мақсаты- ЖИ құралдарын пайдаланып, балалардың жеке оқу бағдарламаларын құруды үйрету.	
Міндеттері: Жеке оқу бағдарламасын (ЖОБ) әзірлеу үшін ЖИ құралдарын пайдалану жолдарын үйрену.	Күтілетін нәтижелер: Қатысушылар ЖОБ-ты құруда ЖИ құралдарын қолдану дағдыларын игереді.

Балалардың жеке білім беру қажеттіліктерін талдау және оған сәйкес ЖОБ жасау. ЖОБ-ты іске асыру үшін ЖИ жүйелерін қолдану әдістерін меңгеру. .	ЖОБ-ты іске асыру бойынша практикалық ұсыныстар мен тәсілдерді меңгереді. Әр оқушының білім алу траекториясын жеке анықтап, оларды үздіксіз бақылауға алуды үйренеді.
--	--

4.1 Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жеке оқу бағдарламаларын (ЖОБ) әзірлеудің негіздері

Жеке оқу бағдарламалары (ЖОБ) – әр баланың жеке мүмкіндіктері, қажеттіліктері және қызығушылықтарына сәйкес бейімделген оқу жоспары.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін ЖОБ әзірлеу барысында келесі факторлар ескеріледі:

Баланың даму деңгейі: Әрбір бала өзінің оқу қабілеті мен деңгейіне қарай жеке оқу траекториясын қажет етеді. ЖОБ баланың психоэмоционалдық және когнитивті ерекшеліктерін ескеруге тиіс.

Қажетті ресурстар мен қолдау: Бұл балаларға арнайы құралдар мен көмекші технологиялар қажет болуы мүмкін, мысалы, есту және көру мүмкіндіктерін жетілдіру үшін арналған құрылғылар.

Оқу әдістері мен стратегиялары: ЖОБ-да әр баланың жеке қажеттіліктеріне негізделген әдіс-тәсілдер таңдалады, бұл баланың ерекшеліктеріне тиімді жауап береді.

4.2 ЖОБ-ды жеке қажеттіліктерге бейімдеу үшін ЖИ қолдану

Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдалану жеке білім беру бағдарламаларын бейімдеуді жеңілдетеді. ЖИ көмегімен:

Анализ жасау: ЖИ жүйелері баланың оқу нәтижелерін, күшті және әлсіз жақтарын бақылап, нақты ұсыныстар ұсына алады.

Динамикалық бейімдеу: ЖИ баланың оқу барысындағы өзгерістерге жауап беріп, оның қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаны реттей алады. Мысалы, егер бала белгілі бір материалды меңгеруде қиындықтарға тап болса, ЖИ жүйесі қосымша ресурстар мен тапсырмалар ұсынады.

Жеке траекторияларды жасау: ЖИ әр бала үшін арнайы оқу жоспарын дайындай отырып, оқытудың жеке жолын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

4.3 Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу қажеттіліктерін талдауда ЖИ қолдану

ЖИ жүйелері ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу қажеттіліктерін терең және толықтай талдауға мүмкіндік береді:

Оқу процесінің мониторингі: ЖИ әр баланың оқу жетістіктерін, қабылдау және ойлау қабілеттерін жүйелі түрде бақылап, олардың даму бағытын анықтайды.

Психологиялық қажеттіліктерді талдау: ЖИ балалардың психологиялық жағдайы мен қажеттіліктерін анықтап, оларды тиісті түрде қолдауға мүмкіндік береді. Бұл балаларға эмоционалдық және әлеуметтік көмек көрсету үшін өте маңызды.

Қиындықтарды анықтау: ЖИ жүйелері баланың оқудағы қиындықтарын ерте кезеңде анықтап, дер кезінде түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

4.4 ЖОБ-ды ЖИ көмегімен жүзеге асыру: мысалдар мен практикалық ұсыныстар

ЖОБ-ды жүзеге асыру үшін ЖИ жүйелерін қолданудың практикалық мысалдары:

Адаптивті оқу платформалары: ЖИ негізінде құрылатын платформалар балалардың оқу қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру материалдарын бейімдейді. Мысалы, оқушының жылдамдығы мен деңгейіне сәйкес тапсырмалар автоматты түрде таңдаылады.

Қарым-қатынас пен ынтымақтастық құралдары: Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін ЖИ қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар ұсынады. Бұл балаларға топтық жұмыс пен басқа балалармен ынтымақтасуды жақсартуға көмектеседі.

Түзету және қолдау шаралары: ЖИ балалардың жеке қажеттіліктеріне байланысты арнайы түзету бағдарламаларын дайындап, балаларға қажетті түзету шараларын уақытында ұсына алады.

4.5 ЖОБ-ның тиімділігін бақылау және бағалау үшін ЖИ қолдану
ЖОБ-ның тиімділігін бақылау және бағалау үшін ЖИ әртүрлі құралдар мен әдістер ұсынады:

Оқу нәтижелерінің мониторингі: ЖИ баланың оқу жетістіктерін үздіксіз бақылай отырып, бағдарламаның қаншалықты тиімді екенін анықтайды. Оқушының барлық әрекеттері мен нәтижелері автоматты түрде жинақталып, талданады.

Жеке және жалпы нәтижелерді бағалау: ЖИ баланың жеке прогресін, оқу жетістіктерін және даму бағытын бағалап, нәтижелерді нақты көрсеткіштермен өлшейді.

Үздіксіз кері байланыс беру: ЖИ жүйелері оқушылар мен мұғалімдерге үздіксіз кері байланыс бере отырып, ЖОБ-тың тиімділігін арттыру үшін қажетті өзгерістерді ұсынады.

